

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ пәні
бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізуге арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР
6В12301 – «Құқық қорғау қызметі»

Білім алушалардың өзіндік жұмысы

1.1. Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттің оқу-зерттеу жұмыстары - СОЗЖ және білімалушылардың және ғылыми-зерттеу жұмыстары - СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері өценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Білімалушылардың өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмас түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. *referre* – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – білімалушыларға әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машыты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Білімалушалар оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

Білімалушылар өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

- жұмыс нақты білім алушының қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,
- жұмыс юриспруденция мамндығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты білім алушылардың талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

3.1. Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған криминология проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

3.2. Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӨ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

3.3. Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана

түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап алаалады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

3.4. Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр білі алушының жұмысын қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Білім алушы жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны қарастырылатын сұрақтар тапсыру мерзімі бақылау нысаны және баллдар

1. Тақырып. Жедел-іздігіру қызметінің пайда болу тарихы

СӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ресейдегі Қылмыстық іздігірудің орталық басқармасын құру туралы ХАБАРЛАМАСЫ. –на құқықтық баға беру қажет
2. Кенестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының барлық губерниялық Басқарма бөлімшелеріне БҰЙРЫҚ -ты талқылап, қысқаша мәлімет жасау құқытық тұрғыдан 1920ж. маусымдағы "Жұмысшы-Шаруа милициясы туралы Ережеге" құқықтық талдау жасау.

Тапсыру мерзімі: 3 апта

Бақылау нысаны және баллдар: жазбаша 25 балл. Жеке жоба ретінде жазбаша нысанында жеке жоба слайд

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесуалдық кодексі
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
4. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі
5. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельность:
6. Закон; теория; практика; комментарий. «Юрист», Алматы - 2010 130 С. Приложение: Закон РК «Об ОРД» на государственном и русском языках.
7. Сысалов М.П. Теория ОРД в РК. Алматы 2018г.
8. Плетнев В.С. Оперативно-розыскная деятельность: Курс лекций. Алматы. КазГЮА – 2019. 192 с
9. Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың
10. криминологиялық проблемалары. Монография. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2013.-304 бет.
11. Алауханов Е.О. Турсынбаев Д.Е. борьба с коррупцией в государственных органах
12. РК Учебная пособие. – Алматы 2013, с 169-193

2 Тақырып. Жедел іздігіру қызметкерлерінің басқа органдармен байланыстары

СӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Жедел-іздістіру органдарына қатысатын тұлғалардың түсінігі мен классификациялануы.
2. ҚР нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жедел іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен міндеттері және жауаптылық мәселелері.
3. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарының өзара іс-қимылы.
4. Құпия көмекшілер.
5. Штаттағы жасырын қызметкер

Тапсыру мерзімі: 7 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша 25 балл, реферат нысанында

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесуалдық кодексі
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
4. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі
5. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельность:
6. Закон; теория; практика; комментарий. «Юрист», Алматы - 2010 130 С. Приложение: Закон РК «Об ОРД» на государственном и русском языках.
7. Комментарий к закону РК «Об оперативно-розыскной деятельности» под общ. Ред.И.Д. Меркель., Н.Н. Турецкого., Алматы ТОО «Издательство»Норма-К, 2013-144 с.
8. Плетнев В.С. Оперативно-розыскная деятельность: Курс лекций. Алматы. КазГЮА – 2018. 192 с
9. В.С. Овчинского, Г.К. Сенилова. – М.: ИНФРА-М, 2013. – X, 832 с. – (Высшее образование)
10. Бахтыбаев И.Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики
11. Қазақстан по обеспечению законности: Монография. Алматы: «Жеті Жарғы» 2012 , с-379-381., 643-647.
12. Обобщение судебной практики. Применение некоторых норм уголовнопроцессуального кодекса РК об обеспечении прав и свобод граждан в уголовном процессе. Бюллетень Верховного Суда РК. – 2014. № 4. с 50-82

3. Тақырып. Қылмыстарды тергеу барысында жедел іздістіру қызметінде техникалық құралдарды қолдану тәртібі

СӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Жедел-іздістіру шараларын жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтерді қолдану.
2. Қылмыстық істерді тергеу барысында жедел іздістіру қызметінің нәтижелерін пайдалану.
3. Ақпар түсінігі және оның түрлері

Тапсыру мерзімі: 10 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша 25 балл, реферат нысанында

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесуалдық кодексі
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
4. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі
5. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельность:
6. Закон; теория; практика; комментарий. «Юрист», Алматы - 2010 130 С. Приложение: Закон РК «Об ОРД» на государственном и русском языках

7. Плетнев В.С. Оперативно-розыскная деятельность: Курс лекций. Алматы. КазГЮА 2019. 192 с
8. Комментарий к закону РК «Об оперативно-розыскной деятельности» под общ. Ред.И.Д. Меркель., Н.Н. Турецкого., Алматы ТОО «Издательство»Норма-К, 2013-144 с.
9. В.С. Овчинского, Г.К. Синилова. – М.: ИНФРА-М, 2018. – X, 832 с. – (Высшее образование)
10. Бахтыбаев И.Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики
11. Казахстан по обеспечению законности: Монография. Аламаты: «Жеті Жарғы» 2012 , с-379-381., 643-647.
12. Обобщение судебной практики. Применение некоторых норм уголовнопроцессуального кодекса РК об обеспечении прав и свобод граждан в уголовном процессе. Бюллетень Верховного Суда РК. – 2014. № 4. с 50-82

4. Тақырып. Жалпы жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу шарттары мен негіздері

СӨЖ бағыты Тұлғалық-бағдарлық

Қарастырылатын сұрақтар:

1. адамдарға сауал қою;
2. азаматтармен жария және жасырын қатынастар орнату, оларды жедел-іздістіру қызметіне пайдалану;
3. енгізу;
4. қылмыстық іс-әрекетті имитациялайтын мінез-құлық таныту;
5. астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құру;
6. бақыланатын өнім беру;
7. заңмен қорғалатын жеке өмірге, тұрғын үйге қол сұғылмауын, өзінің және отбасының құпиясын, сондай-ақ жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа да жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығын қозғамайтын мәліметтер алу үшін техникалық құралдарды қолдану;
8. анықтамалар алу;
9. үлгілерді алу;
10. жедел сатып алу;
11. іздеу-қызмет иттерін пайдалану;
12. жеке адамды белгілері бойынша іздеу және ұқсастыру;
13. ақпаратты заңсыз алып тастау қондырғыларын іздеу;
14. құқыққа қарсы әрекеттер іздерін табу, жасырын орнықтыру және алып қою, оларды алдын ала зерттеу;
15. қылмысты әзірлеуші, жасаушы немесе жасаған адамның ізіне түсу және оны ұстау;
16. ұстап алынған адамдардың жеке басын жете тексеруді, оларда болатын қылмыстық әрекетке қатысты болуы мүмкін заттар мен құжаттарды алып қоюды, сондай-ақ, тұрғын үй-жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды жете тексеруді, көлік құралдарын жете тексеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыру. Терроризмге қарсы операцияны жүзеге асыру барысында жеке басты жете тексеру және жеке тұлғаның жанындағы заттарды жете тексеру, көлік құралдарын, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып жете тексеру куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін;
17. қарулы қылмыскерлерді қолға түсіру жөніндегі операцияларды жүргізу;
18. байқау.

Тапсыру мерзімі: 13 апта

Бақылау нысаны және баллдар: Жазбаша 25 балл, реферат Жеке жоба нысанында

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесуалдық кодексі
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
4. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі
5. Гинзбург А.Я., Даубасова С.Ш. Основы оперативно-розыскной деятельности:
6. Закон; теория; практика; комментарий. «Юрист», Алматы - 2010 130 С.
Приложение: Закон РК «Об ОРД» на государственном и русском языках.
7. Сысалов М.П. Теория ОРД в РК. Алматы 2014г.
8. Плетнев В.С. Оперативно-розыскная деятельность: Курс лекций. Алматы. КазГЮА – 2014. 192 с
9. Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. Монография. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2013.-304 бет.
10. Алауханов Е.О. Турсынбаев Д.Е. борьба с коррупцией в государственных органах РК Учебная пособие. – Алматы 2013, с 169-193